

**Ұлытау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту туралы**

Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 47/01 қаулысы. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 тамызда № 44-20 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13-бабы 1-1-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлытау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Б. Әбдіғалиұлы*

Ұлытау облысы әкімдігінің  
2023 жылғы 24 тамыздағы  
№ 47/01  
қаулысына қосымша

**Ұлытау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ұлытау облысының облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13-бабының 1-1-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы қағидаларда келесідей ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі.

## 2. Жіктеу тәртібі және шарттары

3. Ұлытау облысының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары өздерінің маңызы бойынша облыстық және аудандық маңызы бар жолдар болып бөлінеді:

1) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына республиканың әкімшілік орталықтарын облыс, аудан орталықтарымен және елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілерімен, сондай-ақ аудан орталықтарын республикалық маңызы бар жолдармен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады;

2) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен және елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілерімен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады.

4. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, Ұлытау облысы әкімдігінің атқарушы органдары бекітеді.

5. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Ұлытау облысы әкімдігінің атқарушы органдарымен келісім бойынша бекітеді.

6. Автомобиль жолдары геометриялық параметрлеріне, сондай-ақ жол жүрісінің жиілігіне қарай автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес жіктеледі.

7. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға жатады. Есепке алу деректері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жарияланатын Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының карталары мен атластарын жасау үшін пайдаланылады.